

Жылу энергиясын пайдалану қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 211 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2015 жылы 12 ақпанда № 10234 тіркелді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағы 273) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 11.03.2025 № 126-н/қ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Жылу энергиясын пайдалану қағидалары бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Электр энергетикасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
 - 2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін оны күнтізбелік он күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;
 - 3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында жариялануын қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Энергетика вице-министріне жүктелсін.
4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

В. Школьник

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

2015 жылғы 9 қаңтар

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2014 жылғы 18 желтоқсандағы
№ 211 бұйрығымен
бекітілген

Жылу энергиясын пайдалану қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 11.03.2025 № 126-н/қ (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жылу энергиясын пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағы 273) тармақшасына сәйкес әзірленді және жылу энергиясын пайдалану тәртібін айқындайды.

Жылу энергетикасы субъектілері арасында туындайтын қатынастар Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде (бұдан әрі – ӘРПК), Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, "Жылу энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң), осы Қағидаларда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

1) баланстық тиесілік – жылумен жабдықтау субъектісінің немесе тұтынушының меншік құқығымен немесе өзге де заңды негізде жабдықтың және (немесе) жылу желісінің тиесілігі;

2) баланстық тиесілік және пайдалану жауапкершілігінің шекарасы – жылумен жабдықтау субъектілері мен тұтынушылар арасындағы, сондай-ақ тұтынушылар мен қосалқы тұтынушылар арасындағы жылу желісінің баланстық тиесілігі бойынша айқындалатын және тараптардың пайдалану жауапкершілігін белгілейтін жылу желісін бөлу нүктесі;

3) бірыңғай есеп айырысу орталығы – тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын уәкілетті орган айқындайтын жұмыс істеу талаптары мен тәртібіне сәйкес келетін, бірыңғай төлем құжатын қалыптастыруды жүзеге асыратын және ақпараттық жүйелер негізінде коммуналдық көрсетілетін қызметтерді берушілер мен коммуналдық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылар арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін заңды тұлғалар;

4) бірыңғай төлем құжаты – қағаз жеткізгіште жасалған не электрондық нысанда қалыптастырылған, оның негізінде немесе оның көмегімен төлем және (немесе) ақша аудару жүзеге асырылатын, коммуналдық және қосымша көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуді жүзеге асыру үшін жасалған құжат;

5) есепке алу торабы – жылу энергиясын есепке алуды қамтамасыз ететін аспаптар мен құрылғылар жүйесі;

6) есептік жылу жүктемесі – сыртқы ауаның есептік температурасы кезінде бір сағат ішінде ғимараттың микроклиматының нормаланған параметрлерін ұстап тұру үшін талап етілетін жылу энергиясының мөлшері;

7) есептік кезең – тұтынылған жылу энергиясы есепке алынатын және тұтынушыға төлеуге ұсынылатын уақыт кезеңі;

8) жылу желісі – жылу энергиясын жылу энергиясы көздерінен жылу тұтынатын қондырғыларға дейін беру мақсатында жылу жеткізгішті тасымалдауға және оның ағынын реттеуге арналған құбыржолдар мен құрылғылар (орталық жылу пункттерін, сорғы станцияларын қоса алғанда) жүйесі;

9) жылу жеткізгіш – жылу энергиясын тасымалдау үшін пайдаланылатын сұйық немесе газ тәрізді зат (бу, ауа, су және басқа да заттар);

10) жылу жеткізгіштің шығысы – уақыт бірлігінде құбыр жолдың көлденең қиылысы арқылы өткен жылу жеткізгіш салмағы (көлемі);

11) жылу қуаты – жылу энергиясының көзімен өндірілуі, жылу желілері арқылы берілуі және (немесе) жылу энергиясын тұтынушы уақыт бірлігі ішінде қабылдауы мүмкін жылу энергиясының мөлшері;

12) жылу тұтыну жүйесі – жылу жүктемелерінің бір немесе бірнеше түрін тұтынуға арналған жылу тұтынатын қондырғылардың кешені;

13) жылу тұтынатын қондырғылар – жылу энергиясын тұтынушының мұқтаждықтары үшін жылу энергиясын, жылу жеткізгішті пайдалануға арналған құрылғылар кешені;

14) жылу энергетикасы саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – жылу энергетикасы саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

15) жылу энергиясы – тұтыну кезінде жылу жеткізгіштердің термодинамикалық параметрлері өзгертін, тауар болып табылатын энергетикалық ресурс;

16) жылу энергиясы үшін есеп айырысу – тұтынылған жылу энергиясы үшін тұтынушының ақы төлеуі;

17) жылу энергиясына арналған тариф – тұтынылған жылу энергиясы үшін ақы алынатын табиғи монополиялар салаларындағы бақылауды және реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган бекіткен жылу энергиясының бірлігі құнының ақшалай мәні;

18) жылу энергиясының шығысын есепке алу нүктесі – коммерциялық есепке алу аспаптарының көмегімен немесе есеп айырысу әдісімен, ол болмаған кезде жылу энергиясының шығысы айқындалатын жылумен жабдықтау схемасының нүктесі;

19) жылумен жабдықтау – тұтынушыларды жылу энергиясымен, жылу жеткізгішпен қамтамасыз ету, оның ішінде жылу қуатын ұстап тұру;

20) жылумен жабдықтау жүйесі – жылу жеткізгішті өндіруге, тасымалдауға және пайдалануға арналған қондырғылар кешені;

21) жылумен жабдықтау субъектілері – жылу өндіруші және жылу тасымалдаушы субъектілер;

22) қосалқы тұтынушы – жылу желілері және (немесе) жылу тұтынатын қондырғылары тұтынушының жылу желілеріне қосылған тұтынушы;

23) өлшеу құралдарын салыстырып тексеру – өлшеу құралдарының міндетті метрологиялық талаптарға сәйкестігін растау мақсатында орындалатын операциялар жиынтығы;

24) сараптама ұйымы – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес энергетикалық сараптама жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

25) табиғи монополиялар саласындағы уәкілетті орган – табиғи монополиялар салаларындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

26) техникалық шарттар – орындау және жылу желілеріне қосылу үшін қажетті техникалық талаптар;

27) төлем құжаты – соның негізінде тұтынылған жылу энергиясы үшін тұтынушылар төлем жүргізетін құжат (шот, хабархат, түбіртек, шот-ескерту);

28) энергетикалық сараптама – электр энергетикасы және жылу энергетикасы салаларында жұмыс істеп тұрған объектілер, реконструкцияланатын, жаңғыртылатын және жаңадан салынып жатқан объектілердің жобалары бойынша, сондай-ақ олардағы технологиялық бұзушылықтар мен өндірістік жарақаттануды тергеп-тексеру кезінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 3 ақпандағы № 59 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10444 болып тіркелген) бекітілген Энергетикалық сараптама жүргізу қағидаларына (бұдан әрі – Энергетикалық сараптама жүргізу қағидалары) сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкестігіне жүргізілетін электр энергетикасы және жылу энергетикасы салаларындағы сараптама.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де терминдер мен анықтамалар Қазақстан Республикасының жылу энергетикасы саласындағы заңнамаға сәйкес қолданылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 29.10.2025 № 417-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Жылумен жабдықтау жүйелеріне қосылу тәртібі және жылу энергиясын беру шарттары

3. Заңның 28-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйелеріндегі жылумен жабдықтау субъектілері техникалық мүмкіндік болған кезде өздеріне тиесілі жылу желілеріне қосылу кезінде, көрсетілетін қызметтерге немесе тауарға тең жағдайларды қамтамасыз етеді.

4. Заңның 28-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйелеріндегі жылумен жабдықтау субъектілері егер өздеріне тиесілі жылу желілеріне қосылу жылумен жабдықтау субъектісінің техникалық мүмкіндіктеріне сәйкес келмесе, уәжді техникалық негіздеме бере отырып, бас тартады.

5. Жаңадан пайдалануға берілген объектілердегі орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйелерінде тұтынушылардың жылу тұтынатын қондырғыларды жылумен жабдықтау субъектісінің жылу желілеріне жылу энергиясын және (немесе) жылу жеткізгішті қабылдау-беру нүктелерін тиісті коммерциялық есепке алу аспаптарымен жабдықтамай қосуға жол берілмейді.

6. Егер жылу энергиясын өткізу бойынша қызметтер көрсетуге арналған шартта (бұдан әрі – Шарт) өзгеше көзделмесе, тұтынушыларға жылу энергиясын беруді жылумен жабдықтау субъектілері үздіксіз жүргізеді.

7. Көппәтерлі тұрғын үйге қатысты Шартта тұрғын үй меншік иелерін жылу энергиясымен қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді ұсыну үшін, сондай-ақ көппәтерлі тұрғын үйдің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға (үйшілік желілердегі ысырапты қоса алғанда) пайдалану үшін қажетті көлемдерде жылу энергиясын беру көзделеді. Мұндай Шарт жылу тасымалдаушы субъектінің желілеріне көппәтерлі тұрғын үй іс жүзінде алғашқы қосылған күннен бастап көппәтерлі тұрғын үй пәтерлерінің, тұрғын емес үй-жайларының барлық меншік иесімен жасалған болып есептеледі.

8. Заңның 32-бабы 8-тармағына сәйкес көппәтерлі тұрғын үй пәтерлерінің, тұрғын емес үй-жайларының меншік иесі болып табылатын тұтынушы, егер үй орталықтандырылған немесе жергілікті жылумен жабдықтау жүйесіне қосылған болса, Шарттан біржақты тәртіппен бас тартпайды.

9. Қосалқы тұтынушы тұтынушының келісімімен жылумен жабдықтау субъектісімен тікелей Шарт жасасады.

Тұтынушы қосалқы тұтынушыны жылу энергиясымен қамтамасыз етудің техникалық мүмкіндігі болған кезде қосалқы тұтынушының жылумен жабдықтау жүйесіне қосылуына және қосалқы тұтынушының жылумен жабдықтау субъектісімен Шарт жасасуына кедергі келтірмейді.

10. Жылу энергиясының бумен және ыстық сумен берілетін ең жоғары сағаттық жіберілуі, сондай-ақ жылу жеткізгіштің тиісті шекті сағаттық шығысы және оны қайтару талаптары Қазақстан Республикасының жылу энергетикасы саласындағы заңнамасын ескере отырып, Шартта белгіленуі мүмкін.

11. Тұтынушының Шартта көрсетілген жүктеме мен тұтынатын жылу энергиясы мөлшерінен артық, бірақ алынған техникалық шарттарда мәлімделген және тіркелген жобалық шамалардан аспайтын ұлғайтуға Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 9-бабы мен 24-тарауының талаптарын ескере отырып, Шарт тиісті түрде өзгерген кезде жылумен жабдықтау субъектісінің келісуімен жол беріледі.

12. Жылумен жабдықтау субъектілері мен тұтынушылар арасында жылу энергиясын пайдалану кезінде туындайтын даулар Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінде және ӨРПК-те белгіленген тәртіппен шешіледі.

3-тарау. Тұтынушыларды орталықтандырылған және жергілікті жылумен жабдықтау жүйелерінде жылу энергиясына қосуға арналған техникалық шарттар

13. Тұтынушылардың объектілерін жылумен жабдықтау субъектісінің жылу желілеріне қосуға техникалық шарттар мынадай:

- 1) жаңадан пайдалануға берілетін объектілерді жылу желілеріне қосу;
- 2) тұтынушының жылу тұтынатын қондырғыларды реконструкциялауға немесе кеңейтуге байланысты және қолданыстағы техникалық шарттарға сәйкес келмейтін тұтынылатын жылу энергиясы мөлшерінің (немесе жылу жеткізгіш параметрлерінің) өзгеруі;
- 3) бұрын қосылмаған объектіні жылу желілеріне қосу;
- 4) сыртқы жылумен жабдықтау схемасының өзгеруі жағдайларында беріледі.

Осы тармақтың талаптары жергілікті жылумен жабдықтау жүйесінің меншік иесі осы жүйенің жалғыз қатысушысы болып табылатын жағдайларға қолданылмайды.

14. Техникалық шарттарды алу үшін тұтынушы жылумен жабдықтау субъектісіне өтінім (бұдан әрі – Өтінім) береді. Өтінімде:

- 1) объектінің атауы;
- 2) объектінің орналасқан жері;
- 3) тапсырыс беруші ұйымының толық атауы, мекенжайы және телефоны;
- 4) жоба болған кезде: жобаланатын объектіні сипаттайтын деректер, оны салудың нормативтік мерзімдері және объектіні пайдалануға берудің белгіленген мерзімдері, технологиялық қажеттіліктер, жылыту және желдету, ыстық сумен жабдықтау;
- 5) тұтыну түрлері бойынша жылу жүктемелерінің сипаттамасы (тұрмыстық тұтыну үшін жылу энергиясын пайдаланатын тұтынушылар үшін техникалық паспорт) көрсетіледі.

Қажеттілігіне қарай жылумен жабдықтау субъектісі осы Қағидалардың 17-тармағында көрсетілген жылумен жабдықтау мәселелеріне қатысты тұтынушыдан қосымша деректерді сұратады.

Тұтынушының тұтынатын жылу энергиясының мөлшерін немесе жылу жеткізгіштің параметрлерін өзгертуді талап ететін жылу тұтынатын қондырғыларды реконструкциялау немесе кеңейту кезінде тұтынушы оларды қосуға техникалық шарттар алады, енгізілетін өзгерістерді ескере отырып, жылумен жабдықтау жобасын әзірлейді.

15. Жылумен жабдықтау субъектісі тұтынушыдан Өтінім алғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күніне дейінгі мерзімде жаңадан салынып жатқан объектілерді, олардың кезектерін (іске қосу кешендерін, ғимараттарды, құрылысжайларды) жылу желілеріне

қосуға, жұмыс істеп тұрған объектілерді, ғимараттарды, құрылысжайларды, жылу тұтынатын қондырғылар мен жылу желілерін реконструкциялауға техникалық шарттар береді.

16. Жылу тұтынатын қондырғылары тұтынушылардың жылу желілеріне қосылатын қосалқы тұтынушылар тұтынушымен келіскеннен кейін жылумен жабдықтау субъектісінен техникалық шарттар алады.

17. Жылу желілеріне объектіні қосуға арналған техникалық шарттарда:

1) жылумен жабдықтау көзі, жылу желілеріне қосу нүктесі, жіберілетін жылу энергиясының мөлшерін реттеу тәсілі;

2) басқа тұтынушылардың жылу жүктемелерін ескере отырып, негізгі және резервтік енгізулерді қосу нүктелеріндегі жылу жеткізгіштің параметрлері және гидравликалық режим;

3) басқа тұтынушылардың жүктемелерін қосу перспективасын ескере отырып, негізгі тұтынушының жылу жүктемесі (қажеттілігіне қарай);

4) қолданыстағы жылу желісінің өткізу қабілетін ұлғайту қажеттілігі бойынша негіздеме;

5) қайтарылатын өндірістік конденсаттың мөлшері, сапасы және айдау режимі, конденсатты жинау және қайтару схемасы (қажеттілігіне қарай);

6) егер жылу тасымалдаушы субъектінің жылу желілерінде жылу энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматты жүйесі орнатылған жағдайда, жылу энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарын, оның ішінде деректерді қашықтықтан беруді есепке алу аспаптарын орнату жөніндегі талаптар;

7) жылыту-желдету және технологиялық жүктемелерді және ыстық сумен жабдықтау жүктемелерін қосудың жылу схемасы көрсетіледі.

18. Заңның 28-бабы 5-тармағының 1) тармақшасына сәйкес тұтынушылардың жылу тұтынатын қондырғыларын қосу мақсатында жылумен жабдықтау субъектісі берген техникалық шарттарды орындау тұтынушылар үшін міндетті.

Жылумен жабдықтау және жылу тұтыну жүйелерін салу және реконструкциялау жөніндегі жұмыстарды жобаның техникалық шарттарын берген жылумен жабдықтау субъектілерімен келісілген қызметтің осы түріне рұқсаты бар адамдар орындайды.

19. Табиғи монополия субъектісінің желілеріне қосылуға немесе реттеліп көрсетілетін қызмет көлемін ұлғайтуға техникалық шарттар үш жылға беріледі.

Құрылыстың нормативтік ұзақтығы үш жылдан асқан кезде техникалық шарттардың қолданылу мерзімі құрылыстың басталғаны туралы растайтын құжаттар ұсынылған жағдайда құрылыс кезеңіне ұзартылады. Құрылыстың басталғаны туралы растайтын құжаттар ұсынылмаған кезде техникалық шарттар берілген күннен бастап үш жыл өткеннен кейін жарамсыз болып есептеледі.

20. Объектілерді, ғимараттарды, құрылысжайларды, олардың кезектерін немесе іске қосу кешендерін салу жобалары құрылыс алаңын таңдау және жобалауға тапсырма

дайындау сатысында жылу тасымалдаушы және (немесе) жылу өндіруші субъектімен келісіледі және объектіні жылу желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарда көрсетіледі.

Объектіні, ғимаратты, құрылысжайды, оның кезегін немесе іске қосу кешенін жобалау кезінде техникалық шарттардан ауытқулар техникалық шарттарды берген субъектімен келісіледі.

21. Техникалық шарттарда көрсетілген талаптармен келіспеген жағдайда, тұтынушы Энергетикалық сараптама жүргізу қағидаларына сәйкес энергетикалық сараптама жүргізу үшін сараптама ұйымына жүгінеді.

Сараптама ұйымы мен техникалық шарттармен келіспейтін тұтынушы арасында жасалған шарт негізінде Энергетикалық сараптама жүргізу қағидаларына сәйкес энергетикалық сараптама жүргізіледі.

Тұтынушымен жасалған энергетикалық сараптама жүргізу шартының шеңберінде сараптама ұйымы жылумен жабдықтау субъектісінен барлық сұратылған мәліметтерді алады.

Тұтынушы техникалық шарттарда көрсетілген талаптардың негізсіздігі туралы энергетикалық сараптама қорытындысының негізінде берілген техникалық шарттарды қайта қарау туралы өтінішті (бұдан әрі – Өтініш) энергетикалық сараптама қорытындысын қоса бере отырып, жылумен жабдықтау субъектісіне еркін нысанда жібереді.

Өтінішті қарау қорытындысы бойынша жылумен жабдықтау субъектісі осы Қағидалардың 15-тармағында көрсетілген мерзімдерде техникалық шарттарды береді.

Жылумен жабдықтау субъектісі Өтінішті қарау нәтижелерімен келіспеген жағдайда, оған шағым жасау ӘРПҚ-ның 13-бөліміне сәйкес жүргізіледі.

22. Техникалық шарттарды беру және қайта ресімдеу үшін ақы алынбайды.

23. Тұтынушы жылумен жабдықтау субъектісіне сыртқы жылу желілерінің, жылу торабының, есепке алу аспаптарының, ішкі жылыту жүйесінің жобаларын келісуге жібереді.

Жылумен жабдықтау субъектісі жоба ұсынылғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде келіседі немесе уәжді бас тартуды береді.

Уәжді бас тарту жоба объектіні жылу желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарға және жылу энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес келмеген кезде беріледі.

Осы тармақтың талаптары Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 750 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12684 болып тіркелген) бекітілген Құрылыс саласындағы құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидаларында көзделген жағдайларға қолданылмайды.

24. Объектінің иесі өзгерген кезде жаңа меншік иесі меншік құқығы тіркелген сәттен бастап, 10 (он) жұмыс күні ішінде жылумен жабдықтау субъектісін иесінің ауысқаны туралы жазбаша нысанда хабардар етеді.

Объектінің иесі, меншік иесі ауысқан кезде бұрын берілген техникалық шарттарды қайта ресімдеу жүргізілмейді.

Баланстық тиесілік және пайдалану жауапкершілігінің шекараларын бөлу актісі мен шарт қайта ресімделуге жатады.

25. Жылу желілеріне нақты қосылуды қосылу бойынша жұмыс ақысын төлегеннен кейін тұтынушының жазбаша өтініші бойынша жылумен жабдықтау субъектісі жүзеге асырады.

26. Жылумен жабдықтау субъектісінің жылу желісіне қосылғанға дейін тұтынушы мынадай әрекеттерді жүзеге асырады:

1) жылу торабын салғаннан, есепке алу аспаптарын және жылумен жабдықтаудың ішкі жүйесін монтаждағаннан кейін одан әрі актілерді ресімдей отырып, жаңадан орнатылған жабдықты жуу және нығыздау жөніндегі жұмыстардың орындалуын қабылдау үшін жылумен жабдықтау субъектісінің өкілін шақырады;

2) жылумен жабдықтау субъектісінің өкілдерімен бірлесіп, баланстық тиесілік және пайдалану жауапкершілігі шекараларын бөлу актісін ресімдейді;

3) паспортты ресімдейді және дроссел құрылғыларының (шүмектердің, шайбалардың) өлшемдерін алады, дроссел құрылғыларын дайындау нормативтік-техникалық құжаттамаға және алынған есептеулерге сәйкес жүргізіледі. Дроссел құрылғыларын орнату кезінде пломбалау үшін жылумен жабдықтау субъектісінің өкілін шақырады;

4) жылу тұтынатын қондырғылар мен жылу желілерінің алдағы жылыту маусымына техникалық дайындығы актісін алу үшін жылумен жабдықтау субъектісіне жуу, нығыздау және баптау актілерін ұсынады.

4-тарау. Тұтынушылардың жылу тұтынатын қондырғыларды пайдалануына рұқсат беру

27. Барлық жаңадан қосылатын және реконструкцияланатын жылу тұтыну жүйелері жылумен жабдықтау субъектісімен келісілген жобалау құжаттамасына сәйкес орындалады.

28. Пайдалануға берілгенге дейін жылу тұтынатын қондырғыларды қабылдап алу-тапсыру (техникалық дайындық актісінде көзделген техникалық) сынақтарынан өтеді.

Жылу тұтыну жүйелерін пайдалануға рұқсат беру жылу энергиясын тұрмыстық қажеттік үшін пайдаланатын тұтынушыларды есептемегенде, тұтынушыда жылу тұтынатын қондырғылардың сенімді және қауіпсіз жұмысына жауапты тиісті

персоналдар мен адамдар болуы не жылу тұтыну жүйелерін қызмет көрсету үшін жұмыс істеп тұрған жылу тұтынатын қондырғыларда жұмыс істеуге рұқсат алған персоналы бар ұйыммен шарттың болу кезінде жүзеге асырылады.

29. Шарт жасалғаннан кейін жылумен жабдықтау субъектісіне жылумен жабдықтау жүйесіне қосылуға өтінім беріледі.

Қосылу жылумен жабдықтау субъектісі өкілінің және тұтынушының қатысуымен қосылу актісін ресімдей отырып, кейіннен оны жылумен жабдықтау субъектісіне 1 (бір) жұмыс күні мерзімінде бере отырып жүргізіледі.

30. Жылына 500 және одан да жоғары тонна шартты отынның отын-энергетикалық ресурстарын тұтынатын жаңа объектілерді салудың және жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтудің техникалық-экономикалық негіздемелері мен жобалары "Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабына сәйкес энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бөлігінде құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптамадан өтуге жатады.

5-тарау. Орталықтандырылған және жергілікті жылумен жабдықтау жүйелерінде жылумен жабдықтау кезінде коммерциялық есепке алу аспаптарын орнату және пайдалану

31. Тұтынушылардың жылу тұтынатын қондырғыларды жылумен жабдықтау субъектісімен жылу энергиясын есептеу үшін қажетті коммерциялық есепке алу аспаптарымен қамтамасыз етіледі.

Жергілікті жылумен жабдықтау жүйелерінде жылу энергиясын өткізу және тұтыну, егер жүйеге қатысушылар арасындағы шарттарда өзгеше көзделмесе, оны коммерциялық есепке алу шартымен жүзеге асырылады. Жергілікті жылумен жабдықтау жүйелеріндегі жылу энергиясын коммерциялық есепке алу жүйеге қатысушылар арасындағы шарттарда айқындалған жылу энергиясын қабылдап алу-берудің барлық нүктелерінде жүзеге асырылады.

32. Жылу энергиясын есепке алу үшін өлшем құралдарын бастапқы немесе мерзімді салыстырып тексеру туралы құжаттары бар Өлшем бірлігін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесінің тізіліміне типтері енгізілген коммерциялық есепке алу аспаптары пайдаланылады.

Жылу энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарын күтіп ұстау, техникалық қызмет көрсету және салыстырып тексеру баланстық тиесілігіне сәйкес жүзеге асырылады.

Коммерциялық есепке алу аспаптарын салыстырып тексеру Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 934 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18094 болып тіркелген) бекітілген Өлшем құралдарына салыстырып тексеру жүргізу,

өлшем құралдарын салыстырып тексерудің мерзімділігін белгілеу және өлшем құралдарын салыстырып тексеру туралы сертификатының нысанын бекіту туралы қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Коммерциялық есепке алу аспаптарын салыстырып тексеруді "Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аккредиттелген аккредиттеу субъектілері жүзеге асырады.

33. Жылу энергиясын жіберуді есепке алу, егер шартта өзгеше көзделмесе, жылу желілерінің баланстық тиесілігін және пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасындағы жылу энергиясының шығысын есепке алу нүктесінде жүргізіледі.

Жылу энергиясын коммерциялық есепке алу аспабын жылу желісінің баланстық тиесілігі шекарасында орнатпаған кезде жылу желісінің баланстық тиесілігі шекарасынан жылу энергиясының коммерциялық есепке алу аспаптарын орнату орнына дейінгі учаскедегі жылу энергиясының ысырабы шарт негізінде жылу желісінің көрсетілген учаскесі балансында тұрған иесіне жатқызылады.

34. Жылумен жабдықтау субъектісі ысырапты Қазақстан Республикасының жылу энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес есептік жолмен айқындайды және тұтынушыға сұрау салу бойынша береді. Жылумен жабдықтау субъектісі шарт бойынша жылу трассасының диаметрі мен ұзындығының сәйкессіздігі анықталған кезде біржақты тәртіппен өзгерістер енгізеді.

Жылу ысыраптарын сынауды тұтынушы жылу желілеріне қосылатын жылумен жабдықтау субъектісі тұтынушының не оның өкілінің қатысуымен, тұтынушының талабы бойынша сараптама ұйымының қатысуымен жүргізеді.

35. Коммерциялық есепке алу аспаптарын салыстырып тексеру салыстырып тексеру әдістемесінде көрсетілген мерзімдерде аспапқа аралық салыстырып тексеру интервалына сәйкес, сондай-ақ олардың көрсетілімдерінің дұрыстығына күмән болған кезде мүдделі тараптардың бірінің өтініші бойынша жүргізіледі.

36. Коммерциялық есепке алу аспаптары көрсетілімдерінің қателік шегінен асып кеткені анықталған жағдайда, олардың дәлдік сыныбы кезектен тыс салыстырып тексеру нәтижелері бойынша шығасыларын аспаптардың меншік иесі төлейді. Өзге жағдайда салыстырып тексеру бойынша шығындарды салыстырып тексеруді талап еткен тарап көтереді.

37. Тұтынушы коммерциялық есепке алу аспаптарының ақаулығын анықтаған кезде тұтынушы бұл туралы жылумен жабдықтау субъектісін дереу хабардар етеді.

38. Коммерциялық есепке алу аспаптарын салыстырып тексеруге алу кезінде тұтынылған жылу энергиясы үшін ақы төлеуді тұтынушы есепті кезеңнің сыртқы ауасының нақты температурасын ескере отырып, бірақ есепке алу қалпына келтірілуі тиіс бір айдан аспайтын мерзім ішінде өткен кезеңдегі жылу энергиясының орташа тәуліктік шығысы бойынша жүргізеді.

Егер коммерциялық есепке алу аспабы көрсетілген мерзімде қалпына келтірілмесе, тұрмыстық тұтынушылар үшін есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін жылумен жабдықтау бойынша тұтыну нормасы бойынша, ал жылу энергиясын тұрмыстық мақсатта пайдаланбайтын тұтынушылар үшін ең жоғары сағаттық жүктеме бойынша есептеу жолымен жүргізіледі.

39. Коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсетілімдерін алуды, егер шартта өзгеше көзделмесе, жылумен жабдықтау субъектісінің өкілдері тұтынушы өкілінің қатысуымен, деректерді қашықтықтан бере отырып есепке алу аспаптарын орнату кезінде – тұтынушының қатысуынсыз жүргізеді.

Жылумен жабдықтау субъектісі жылу энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсетілімдерін алу мүмкін болмаған кезде және егер бұл ретте тұтынушы өзі тұтынған жылу энергиясының көлемі туралы мәліметтерді ұсынбаса, жылумен жабдықтау субъектісі коммерциялық есепке алу аспаптарының нақты көрсетілімдері бойынша кейіннен қайта есептей отырып, өткен кезеңдегі жылу энергиясының орташа тәуліктік шығысы бойынша есеп жүргізеді.

40. Шартта айқындалған мерзімде есептерді салыстыру үшін тұтынушы жылумен жабдықтау субъектісіне жылу энергиясын және жылу жеткізгішті есепке алу журналының көшірмесін немесе жылу энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарының архивтік тәуліктік көрсетілімдерін ұсынады.

41. Орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйелерінде жылу энергиясын есептеу жолымен коммерциялық есепке алу мынадай жағдайларда:

1) жылу энергиясын есепке алу аспаптары қолданысқа енгізілгенге дейін (бірақ күнтізбелік 30 күннен аспайтын);

2) есептеу аспаптарында ақау болған кезде – ақау жойылғанға дейін (бірақ күнтізбелік 30 күннен аспайтын);

3) тұтынушыда белгіленген талаптарға сәйкес есепке алу аспабын орнату мен пайдаланудың техникалық мүмкіндігі болмаған кезде жүзеге асырылады.

42. Тұтынушылар Заң талаптарына сәйкес жылумен жабдықтау субъектісінің, есепке алу аспаптарын салыстырып тексеруді жүзеге асыратын аккредиттеу субъектілерінің өкілдеріне, сондай-ақ мемлекеттік органдарға коммерциялық есепке алу аспаптарына қол жеткізуді ұсынады.

43. Тұтастығы бұзылған, бастапқы салыстырып тексеру туралы бедері жоқ, салыстырып тексеру мерзімі өткен жылу энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарын, сондай-ақ өлшеу құралдарының бекітілген типіне (типін сипаттамасына) немесе пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес келмейтін сипаттамалары бар есепке алу аспаптарын орнатуға және пайдалануға жол берілмейді.

6-тарау. Тұтынушылардың жылу тұтыну жүйелерін пайдалануы

44. Тұтынушы мен жылумен жабдықтау субъектісі арасындағы жылу тұтыну жүйелерінің жай-күйі мен қызмет көрсетуі үшін пайдалану жауапкершілігінің шекарасы олардың баланстық тиесілігімен немесе тараптардың келісімі бойынша айқындалады.

45. Тұтынушы сенімді жылумен жабдықтауды қамтамасыз ету мақсатында:

1) жылу тұтыну жүйелерін қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етеді;

2) меншіктегі жылу энергиясының және ыстық сумен жабдықтаудың жылу тұтынатын қондырғылары мен коммерциялық есепке алу аспаптарын жұмыс жағдайында ұстайды;

3) тұтынылған жылу энергиясы үшін уақтылы және толық көлемде ақы төлейді;

4) жылу энергиясын есепке алу торабына дейін орналасқан түсіру крандарын, арматураларды, бақылау-өлшеу аспаптарын пломбалауды жүргізу үшін жылумен жабдықтау субъектісінің өкілдеріне рұқсат береді және орнатылған пломбалардың сақталуын қамтамасыз етеді, ал оларды алып тастау жылумен жабдықтау субъектісін хабардар ете отырып жүргізіледі;

5) жылу тұтынудың берілген режимдерін сақтайды;

6) Қазақстан Республикасының жылу энергетикасы саласындағы заңнамасына және жасалған шартқа сәйкес жылумен жабдықтау субъектілерінің өкілдеріне, сондай-ақ мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органның, жергілікті атқарушы органдардың өкілдеріне тұтынушылардың балансындағы жылумен жабдықтау жүйелеріне және коммерциялық есепке алу аспаптарына қолжетімділікті қамтамасыз етеді;

7) әрбір жылыту маусымының алдында жылу тұтынатын қондырғыларды қабылдап алу-тапсыру (техникалық дайындық актісінде көзделген техникалық) сынақтарын және баптауды жүргізеді.

7-тарау. Орталықтандырылған және жергілікті жылумен жабдықтау жүйелерінде тұтынушыларға жылу энергиясын беруді шектеу және тоқтату шарттары

46. Жылумен жабдықтау субъектісі тұтынушыға жылу энергиясын толық немесе ішінара беруді мынадай:

1) шартта белгіленген мерзімдерде тұтынылған жылу энергиясы үшін ақы төленбеген, сондай-ақ толық төленбеген;

2) жаңа жылу қуаты мен қосалқы тұтынушыларды жылу желісіне өз бетінше қосу;

3) коммерциялық есепке алу аспаптарын орнатқанға дейін жылумен жабдықтау жүйелері мен жылу тұтынатын қондырғыларды қосу;

4) жылумен жабдықтау субъектісінің келісімінсіз шартпен негізделген есептік жылу жүктемелерінің және тұтынудың шарттық режимдерінің асып кетуі;

5) егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, шартта көзделген конденсат көлемінің 30 %-дан азын қайтару;

6) жылу тұтыну жүйелеріне қызмет көрсету үшін тиісті біліктілігі бар персонал болмаған (тұрмыстық қажеттіліктер үшін жылу энергиясын пайдаланатын тұтынушыларды қоспағанда);

7) мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органның және тиісінше орталықтандырылған және жергілікті жылумен жабдықтау жүйесіндегі жергілікті атқарушы органның нұсқамаларында белгіленген мерзімдер орындалмаған;

8) берілген техникалық шарттарды бұзу;

9) бақылау органдарының, жылумен жабдықтау субъектісінің өкілдерін жылумен жабдықтау жүйелеріне және (немесе) жылу энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарына жібермеу;

10) авариялық жағдай;

11) жылумен жабдықтау субъектісінің жылу желісіне тұтынушының жылу тұтынатын қондырғылары мен жылу желілерінің күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа техникалық әзірлігі актісіз қосылу жағдайларында тоқтатады.

47. Жылумен жабдықтау субъектісі мынадай көзделген жағдайларда:

осы Қағидалардың 46-тармағы 1), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 11) тармақшаларында көзделген жағдайларда, егер шартта өзгеше көзделмесе тұтынушыға жазбаша хабархаттан кейін (хабарлама беру жолымен) немесе жылу энергиясын тұрмыстық қажеттілік үшін пайдаланбайтын тұтынушыларға электрондық пошта немесе факс арқылы жылу энергиясын беруді тоқтату немесе шектеуге дейін кемінде 3 (үш) күн бұрын хабарлама жіберіледі;

осы Қағидалардың 46-тармағы 2), 3), 10) тармақшаларында көзделген жағдайларда тұтынушыны және жергілікті атқарушы органдарды хабардар ете отырып, дереу жылу энергиясын толық немесе ішінара беруді тоқтатады.

48. Осы Қағидалардың 46-тармағында көрсетілген тұтынушы жасаған бұзушылықтар кезінде, жылу энергиясын тұтыну кезінде екіжақты актіні жылумен жабдықтау субъектісінің өкілдері және тұтынушы екі данада ресімдейді, олардың біреуі тұтынушыға табысталады.

Акт тұтынушы қол қоюдан бас тартқан кезде де, бірақ оны комиссия құрамында кемінде үш адам болатын жылумен жабдықтау субъектісі ресімдеген жағдайда жасалады. Көппәтерлі тұрғын үйлерде комиссия құрамына пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері кондоминиум объектісін басқарудың тікелей бірлесіп басқару түріндегі нысанын таңдаған кезде кондоминиум объектісін басқару субъектісінің немесе мүліктің меншік иелері бірлестігінің төрағасы немесе үй кеңесі енгізіледі.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 29.10.2025 № 417 -н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

49. Бұзушылық актісінің негізінде жылумен жабдықтау субъектісі есепке алынбаған жылу энергиясының мөлшерін айқындайды және тұтынушыға қайта есептеу сомасын негіздей отырып есептеулер жібереді.

50. Желілік суды өз бетінше алу, тұтынушының жылу тұтынатын қондырғыларын өз бетінше қосу, тұтынушының коммерциялық есепке алу аспаптарын зақымдауы, есепке алу торабында орнатылған пломбаларды бұзуы немесе болмауы кезінде жылумен жабдықтау субъектісінің өкілдері акт жасайды, оның негізінде тұтынушы пайдаланған жылу энергиясының көлемін қайта есептеу жүргізіледі.

Ыстық су бойынша қайта есептеу бір жылдан аспайтын кезеңде, ал жылыту жүйелері үшін – жылыту маусымының басынан бастап оқиғалар анықталған сәтке дейін жүргізіледі.

Акт жылумен жабдықтау субъектісі өкілінің және тұтынушының не оның өкілінің қолы болған кезде жарамды.

Акт құрамында кемінде үш адам бар жылумен жабдықтау субъектісін комиссия ресімдеген жағдайда тұтынушы немесе оның өкілі қол қоюдан бас тартқан кезде де жасалады. Көппәтерлі тұрғын үйлерде комиссия құрамына пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері кондоминиум объектісін басқарудың тікелей бірлесіп басқару түріндегі нысанын таңдаған кезде кондоминиум объектісін басқару субъектісінің немесе мүліктің меншік иелері бірлестігінің төрағасы немесе үй кеңесі енгізіледі.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 29.10.2025 № 417 -н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51. Өз желісіндегі авариялардың алдын алу немесе жою жөнінде шұғыл шаралар қабылдау үшін жылумен жабдықтау субъектісі тұтынушыны міндетті түрде хабардар ете отырып, кейіннен тұтынушыға берілмеген жылу энергиясы үшін қайта есептей отырып, жылумен жабдықтау жүйесін уақытша өшіреді.

Өндірістік циклде үздіксіз технологиялық процестерді пайдаланатын тұтынушыларға қатысты жылу тұтынатын қондырғылар үшін оларды кенеттен ажырату адамдардың өміріне, қоршаған ортаға қауіп төндіруі мүмкін, жылумен жабдықтау субъектісінің жылу жүктемесі технологиялық бронь деңгейіне дейін төмендейді.

Тұтынушының жылу тұтынуын авариялық бронь деңгейіне дейін шектеу кезінде тұтынушы авариялық бронь құрамына кірмейтін жылу тұтынатын қондырғыларын қоспайды.

52. Жабдықтарды жөндеу және жаңа тұтынушыларды қосу жөніндегі жоспарлы жұмыстарды жүргізу үшін резервтік қоректендіру болмаған кезде жылумен жабдықтау субъектісі шартта осы мақсаттар үшін тұтынушыларды ажырату тәртібін көздейді.

8-тарау. Тұтынушыларға жіберілетін будағы жылу энергиясының көлемін айқындау

53. Тұтынушыға жіберілген будағы жылу энергиясының көлемі жылу желілерінің баланстық тиесілігінің шекарасында ескеріледі. Желілерді бөлу шекарасынан кейінгі жылу энергиясының ысырабын тұтынушы төлейді.

54. Тұтынушыға келетін будағы жылу энергиясының көлемі оның жылу құрамындағы бу мөлшерінің көбейтіндісі ретінде айқындалады.

55. Қайтарылатын конденсат үшін тұтынушыға төлем мөлшері оның жылу құрамын ескере отырып айқындалады.

56. Жылумен жабдықтау субъектілері мен тұтынушылар арасындағы шарттарда жылу жеткізгіштің әрбір параметрі бойынша есептік жылу жүктемелері, сондай-ақ тұтынушыға жылу энергиясын жіберудің жалпы көлемі белгіленеді.

57. Тұтынушыға шартта көзделген құрғақ қаныққан, төмендетілген немесе алынған буды жіберген кезде тұтынушымен есеп айырысу тұтынушы нақты алған бу үшін тариф бойынша жүргізіледі.

58. Будағы жылу энергиясын тұтыну режимінің ауытқуы шарттық шамадан $\pm 10\%$ -дан аспауы тиіс.

Будағы жылу энергиясын тұтыну режимі шарттық шамадан $\pm 10\%$ артық ауытқыған кезде тараптар жылумен жабдықтау субъектілері мен тұтынушы арасындағы жасалған Шарттың талаптарына сәйкес жауапты болады.

9-тарау. Тұтынушыларға жіберілген ыстық судағы жылу энергиясының көлемін айқындау және тұтынушылар қайтаратын конденсат көлемін айқындау

59. Тұтынушының жылу тұтынатын қондырғыларын коммерциялық есепке алу аспаптарынсыз қосу кезінде жылумен жабдықтау субъектісі жіберген жылу энергиясының мөлшері Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2025 жылғы 26 наурыздағы № 135-н/қ және Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 3 сәуірдегі № 112 бірлескен бұйрығымен бекітілген Жылу энергиясы мен жылу жеткізгішті есепке алу (бұдан әрі – Жылу энергиясы мен жылу жеткізгішті есепке алу қағидалары) қағидаларымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35944 болып тіркелген) айқындалады.

Ескерту. 59-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 29.10.2025 № 417 -н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

60. Берілетін жылу жеткізгіштің температурасын тұтынушының есепке алу торабындағы температуралық графикке сәйкес жылумен жабдықтау субъектісі береді.

61. Ыстық судағы жылу энергиясын пайдаланған және тұтынушының есепке алу торабында температуралық графикті сақтаған кезде тұтынушы график бойынша оның мәнінен аспайтын температурасы бар кері желілік суды қайтарады. Есепке алу аспабы

жоқ тұтынушыларда шарттық көлемнен тыс жіберілген жылу мөлшерін есептеу осы Қағидаларға сәйкес жүргізіледі.

62. Ыстық сумен жабдықтаудың ашық жүйесі кезінде тұтынушы бастапқы судың құнын, оны тазарту, химиялық дайындау жөніндегі шығыстарды төлейді, бұл шарттың талаптарында ескеріледі.

63. Тұтынушының меншігіндегі жылу желілеріндегі жылу жеткізгіштің нормативтен тыс жылыстауын жылумен жабдықтау субъектісі айқындайды және тұтынушының қатысуымен актіде тіркеледі. Тұтынушы өзінің меншігіндегі жылу желілеріндегі жылу жеткізгіштің жылыстауын анықтаған кезде тұтынушы жылумен жабдықтау субъектісін дереу хабардар етеді.

64. Егер шартта өзгеше белгіленбесе, тұтынушының жылу желілеріндегі жылу энергиясының ысыраптары оның және қосалқы тұтынушылардың арасында жылу энергиясын тұтыну үлесі, жылу желісінің ұзындығы мен техникалық сипаттамасы бойынша бөлінеді.

65. Қосалқы тұтынушылар тұтынушымен өзара келісім бойынша жылу энергиясын және (немесе) жылу жеткізгішті сатып алу шартын жасасады. Шартта жылу желілеріндегі жылу энергиясының ысыраптарын өтеуге тұтынушының негізделген шығындарын өтеу, жабдықтар мен тұтынушының жылу желілерін бірлесіп пайдалануды қамтамасыз ету, оның жылу желілерін қосуға және салуға тұтынушының шығындарын техникалық есепке алуды және өтеуді қамтамасыз ету шарттары қамтылуы мүмкін.

66. Жылу энергиясын өткізу бойынша қызметтер көрсетуге үлгілік шарттар жасалатын жылумен жабдықтау жүйесіндегі қосалқы тұтынушылар тұтынушы жылу желілеріне қосылған жылу тасымалдаушы субъектімен үлгілік шарт немесе тұтынушы қосылған жылу энергиясы көздерінің коллекторларына жылу өндіруші субъектімен жылу энергиясын өндіру жөніндегі қызмет көрсетуге арналған үлгілік шарт жасаса алады.

67. Тұтынушы жылу желілеріне қосылған жылу тасымалдаушы субъектімен жылу энергиясын өткізу бойынша қызметтер көрсетуге арналған үлгілік шарт және жылу өндіруші субъектімен жылу энергиясын өндіру бойынша қызметтер көрсетуге арналған үлгілік шарт:

1) жылу энергетикасы саласындағы нормативтік техникалық құжаттарға сәйкес есептелген жылу желілеріндегі жылу энергиясының ысыраптарын өтеуге тұтынушының негізделген шығындарын өтеу;

2) жабдықтар мен жылу желілерін бірлесіп пайдалану және тұтынушының жылу желілерін қосуға және салуға жұмсаған шығындарын өтеу жөнінде тұтынушымен шарт жасасу жағдайларында жасалады.

68. Жылу тасымалдаушы субъектімен жылу энергиясын өткізу жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған үлгілік шартты немесе жылу өндіруші субъектімен

жылу энергиясын өндіру жөніндегі қызметті көрсетуге арналған үлгілік шартты жасасу кезінде қосалқы тұтынушы коммерциялық есепке алу аспаптарын орнатуды қамтамасыз етеді.

69. Жылыту, желдету және ыстық сумен жабдықтау үшін бу түріндегі жылу энергиясын пайдаланған кезде тұтынушылар жылумен жабдықтау субъектісіне қайтарады, ал ол өз кезегінде конденсаттың кемінде 95 %-ын қабылдайды (егер шартта өзгеше белгіленбесе), ал технологиялық мақсаттар үшін буды пайдаланған кезде конденсатты қайтару шартта айқындалған көлемде және сапада жүзеге асырылады.

Тұтынушы қайтаратын конденсат шартта айқындалған көлем мен сапаға сәйкес келеді.

10-тарау. Төлем құжаттарын ұсыну және төлеу

70. Тұтынушы жылумен жабдықтау субъектісімен жылумен жабдықтау субъектісі жазып берген төлем құжаттары немесе бірыңғай есеп айырысу орталығы қалыптастырған бірыңғай төлем құжаты бойынша жылу энергиясы үшін есеп айырысуды мәлімделген шарттық көлемдер, коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсетілімдері негізінде, ал олар болмаған кезде осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен есептік жолмен алынған деректер негізінде жүргізеді.

Ескерту. 70-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 29.10.2025 № 417 -н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

71. Есеп айырысудың шарттары мен нысандары жасалған шартқа сәйкес айқындалады.

72. Заңның 23-бабы 2-тармағында айқындалған жағдайларда тұтынушылардың өздері тұтынған жылу энергиясы үшін есеп айырысу Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар саласындағы заңнамасына сәйкес белгіленген тарифтер бойынша жүргізіледі.

Қалған жағдайларда тұтынушылардың есеп айырысулары шарттарға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген бағалар бойынша жүргізіледі.

73. Жылумен жабдықтау субъектісі шартқа сәйкес төлемге мерзімі өткен сомаға өсімпұл есептейді.

74. Егер тұтынушы пайдаланылған жылу энергиясын төлемегені үшін белгіленген тәртіппен ажыратылған болса, онда оны қосу қарызын өтегеннен және оны жылумен жабдықтау субъектісіне қосу жөніндегі шығындарды өтегеннен кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

75. Жылу энергиясын беруді тоқтату уақыты (күні, сағаты, минуты), сондай-ақ оның сапасының нормативтік-техникалық құжаттама талаптарына сәйкес келмеуі жылумен жабдықтау субъектісінің диспетчерлік қызметінің журналында талап етілетін

(тиісті) сапамен жылу энергиясын беруді қайта бастау уақытын (күнін, сағатын, минутын) кейіннен белгілей отырып белгіленеді.

76. Егер жылумен жабдықтау субъектісінің жылу энергиясы сапасының нашарлауы немесе оны беру үзілісі журналда белгіленбесе, тұтынушының жылу тұтынатын қондырғысын пайдалануға жауапты адам бұл туралы ақпаратты берген адамның тегін, уақытты, күнді, сондай-ақ жылу энергиясы сапасының нашарлауының (болмауының) басталу уақытын, нашарлау сипатын және жылумен жабдықтау субъектісінің өкілінің болу қажеттілігін көрсете отырып, жылумен жабдықтау субъектісіне хабарлайды (өтініш береді).

Жылумен жабдықтау тоқтатылған кезде өтініш дереу, параметрлер нашарлаған кезде – ауытқу басталған сәттен бастап, бір тәуліктен кешіктірілмей беріледі.

Көрсетілген өтінішті жылумен жабдықтау субъектісі тіркеу нөмірін, берілген күні мен уақытын көрсете отырып тіркейді.

77. Жылумен жабдықтау субъектісі журналдағы жылумен жабдықтаудағы үзіліс немесе тұтынушының өтінішінде көрсетілген жылу энергиясы сапасының ауытқуы туралы белгілерді салыстырады және келіспеушіліктер болмаған кезде жылу энергиясының құнын оның орташа тәуліктік тұтынуына және параметрлердің есептік көрсеткіштен орташа тәуліктік ауытқуына сәйкес қайта есептеуді орындайды.

78. Жылумен жабдықтау субъектісі жылу энергиясының берілмеу немесе сапасыз жылу энергиясын беру фактісін куәландырудан бас тартқан кезде тұтынушы жазбаша өтініш жазады, онда:

- 1) жылу энергиясын беруден бас тартудың (ажыратудың) немесе оны сапасыз берудің басталу уақытын;
- 2) жылу энергиясы сапасының нашарлау сипатын;
- 3) өтініш беру уақыты және оның тіркеу нөмірін;
- 4) жылу энергиясын беруді қалпына келтіру уақытын (сапаны қалыпқа келтіру);
- 5) жылу энергиясының болмау (сапасының нашарлауы) кезеңін көрсетеді.

Өтінішке тұтынушы немесе тұтынушының уәкілетті тұлғасы қол қояды және жылумен жабдықтау субъектісіне жіберіледі.

11-тарау. Тұрмыстық қажеттіліктер үшін жылу энергиясын пайдаланатын тұтынушылардың жылу энергиясын пайдалану тәртібі

79. Көппәтерлі тұрғын үй пәтерлерінің тұрғын емес үй-жайларының меншік иелері ортақ үлестік меншік құқығында ыстық сумен жабдықтау және жылумен жабдықтау жүйелерін иеленеді, пайдаланады және оларға билік етеді.

Көппәтерлі тұрғын үйдегі ыстық сумен жабдықтау және жылумен жабдықтау жүйелері Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген тәртіппен азаматтық-құқықтық мәмілелер негізінде көппәтерлі тұрғын үй пәтерлерінің, тұрғын емес үй-жайларының меншік иелеріне ортақ үлестік меншік құқығымен тиесілі болады.

Заңның 28-бабы 6-тармағына сәйкес көппәтерлі тұрғын үй пәтерлерінің, тұрғын емес үй-жайларының иелері көппәтерлі тұрғын үйдегі ортақ пайдаланылатын үй-жайларды жылыту үшін тұтынылатын жылу энергиясына Жылу энергиясы мен жеткізгішті есепке алу қағидаларына сәйкес ақы төлейді.

Пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері кондоминиум объектісін басқарудың тікелей бірлесіп басқару түріндегі нысанын таңдаған кезде кондоминиум объектісін басқару субъектісінің немесе мүліктің меншік иелері бірлестігі тиісті техникалық жай-күйде ұстайды және үйге ортақ (үйішілік) жылыту және ыстық сумен жабдықтау жүйесінің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, коммерциялық есепке алу аспаптарының (үйге ортақ) және үйге ортақ меншікті құрайтын басқа да жылу тұтынатын қондырғылардың сақталуын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 79-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 29.10.2025 № 417 -н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

80. Жылыту және ыстық сумен жабдықтау мақсаттары үшін тұтынушыларға жылу энергиясын жіберуді жылумен жабдықтау субъектісі жария шартқа сәйкес үлгілік шарт негізінде жүзеге асырады.

81. Пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері кондоминиум объектісін басқарудың тікелей бірлесіп басқару түріндегі нысанын таңдаған кезде кондоминиум объектісін басқару субъектісінің немесе мүліктің меншік иелері бірлестігі жылу тұтынатын қондырғыларға қызмет көрсетуді дербес немесе жұмыс істеп тұрған жылу тұтынатын қондырғыларда жұмыс істеуге рұқсат алған персоналы бар ұйыммен шарт бойынша жүзеге асырады.

Ескерту. 81-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 29.10.2025 № 417 -н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

82. Пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері кондоминиум объектісін басқарудың тікелей бірлесіп басқару түріндегі нысанын таңдаған кезде кондоминиум объектісін басқару субъектісінің немесе мүліктің меншік иелері бірлестігінің басқаруындағы көппәтерлі тұрғын үйлердегі тұтынушы мен жылумен жабдықтау субъектісі арасындағы пайдалану жауапкершілігінің шекарасы жылумен жабдықтау субъектісі тарапынан басқару торабының кіру ысырмаларының бірінші бөлу ернемегі немесе дәнекерлеу жігі бойынша айқындалады.

Ескерту. 82-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 29.10.2025 № 417 -н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

83. Орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйелерінде бұдан бұрын пайдалануға берілген көппәтерлі тұрғын үйлерге арналған коммерциялық есепке алудың үйге ортақ аспаптарын сатып алуды, орнатуды, салыстырып тексеруді және

ағымдағы пайдалануды жылу тасымалдаушы субъект жүргізеді. Коммерциялық есепке алудың үйге ортақ аспаптарын сатып алуға, орнатуға, салыстырып тексеруге және ағымдағы пайдалануға арналған шығындар кейіннен жылу энергиясын беру және бөлу жөніндегі көрсетілетін қызметке арналған тарифке енгізіледі.

84. Көппәтерлі тұрғын үйдің үйге ортақ коммерциялық есепке алу аспабы пайдалануға берілгеннен кейін жылу тасымалдаушы субъект оны өтеусіз негізде өз балансына қабылдайды.

Бұл ретте жылу тасымалдаушы субъект тұтынушы тарапынан техникалық шарттарды орындау кезінде осы коммерциялық есепке алу аспабын қабылдайды.

85. Жылумен жабдықтау жүйесінің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету мақсатында:

1) өз бетінше, жобалық құжаттаманы және рұқсатты ресімдемей, көппәтерлі тұрғын үйді жылумен жабдықтау жүйесін реконструкциялауды немесе кез келген өзгертуді (қыздыру бетін қосу, гидравликалық көпір мен теңгерімдеу клапанын бөлшектеу, су жылыту едендерін және жылу тұтынатын қондырғыларын өз бетінше қосу) жүзеге асыруға, оның ішінде пәтер ішіндегі желілерді, инженерлік жабдықтарды қайта жабдықтауға;

2) жылыту аспаптарының қосымша секцияларын, бекіту және реттеу арматурасын және айналым сорғыларын орнатуға және/немесе бөлшектеуге;

3) жылыту жүйелерінде жылу жеткізгішті мақсатынан тыс пайдалануға (жүйеден және жылыту аспаптарынан суды ағызуға) жол берілмейді.

86. Пәтерде тұратын адамдар (бір немесе бірнеше) коммерциялық есепке алу аспаптары болмаған кезде бір айдан астам мерзімге уақытша кеткенде, олар болмаған кезде бір адамға есептелетін тұтынылған ыстық су үшін ақы алынбайды.

Өтініш берілген және растайтын құжат ұсынылған жағдайда (емдеу мекемесінің немесе жұмыс орнынан анықтама, санаторийге жолдама түбіртегі, уақытша тұратын жері бойынша тіркеу туралы анықтама және басқалар) қайта есептеу есептік кезеңде орындалады және төлем құжатында немесе бірыңғай төлем құжатында көрсетіледі.

Ескерту. 86-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 29.10.2025 № 417 -н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

87. Жылу энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсетілімдерін алуды, егер шартта өзгеше көзделмесе, пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері кондоминиум объектісін басқарудың тікелей бірлесіп басқару түріндегі (тұтынушының) нысанын таңдаған кезде кондоминиум объектісін басқару субъектісі немесе мүліктің меншік иелері бірлестігінің төрағасы немесе үй кеңесі және жылумен жабдықтау субъектісі жүргізеді.

Ескерту. 87-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 29.10.2025 № 417 -н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

88. Заңның 32-бабы 8-тармағына сәйкес көппәтерлі тұрғын үй пәтерлерінің, тұрғын емес үй-жайларының меншік иесі болып табылатын тұтынушы, егер үй орталықтандырылған немесе жергілікті жылумен жабдықтау жүйесіне қосылған болса, Шарттан біржақты тәртіппен бас тартпайды.

89. Төлемді қайта есептеуге алып келген барлық өзгерістер тұтынушы жылумен жабдықтау субъектісіне өтініш берген сәттен бастап жүзеге асырылады.